



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№ 10 (160), 2021
Қазан
Октябрь

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады.
Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

**(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)**

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Г. Бүркітбайқызы

Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілін бейнелік көркем суреттер арқылы дамыту3

М. Матанова

Білім беру үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңыздылығы.....8

А. Жұмахметова

Жобалау әдістерінің оқушылардың білім сапасын дамытуға әсері..... 10

Г. Бейсенова

Мәжһүр-Жүсіп шығармаларындағы адамгершілік тәрбиесі 14

Ә. Боранқұлова

Өмірі өнегемен өрнектелген..... 18

Р. Нигматуллин

Модульное обучение для технических специальностей в условиях дистанционного обучения 23

Ж. Сейтмолдина

Современные требования к профессиональной компетенции учителя русского языка и литературы..... 26

И. Молдаханов

Баскетбол – студенттердің дене қуатын дамыту құралы..... 30

Е. Кап

Біз қалай тамақтанамыз?..... 32

Ә. Утешева

Упражнения и игры для сенсорномоторного развития учеников 36

КазНПУ им. Абая – партнер конкурса инноваций в образовании (КИВО)..... 39

Абай атындағы ҚазҰПУ Білім берудегі инновациялар байқауының серіктесі (КИВО) 40

Two teams of innovators from Kazakhstan will go to the final of the KIVO competition!

Or KazNPU named after Abay is a partner of the competition of Innovations in Education (KIVO)..... 42

Г. Сүлейменова

Жеті модуль аясында ой толғау 44

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
07.10.2021 ж.
Офсеттік басылым.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:

pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 07.10.2020 г.

Печать офсетная.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Бастауыш сынып оқушыларының жазбаша тілін бейнелік көркем суреттер арқылы дамыту



Гүлбарша БҮРКІТБАЙҚЫЗЫ,
№54 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі,
«Ыбырай Алтынсарин» төсбелгісі иегері.
Нұр-Сұлтан қаласы.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті — жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау, интеллектін байыту», - деп атап көрсетеді.

Сондықтан жалпы білім беретін мектеп қабырғасындағы әрбір пән оқушыны дара тұлға ретінде жетілдіруге, оның шығармашылық қабілеттерін дамытуға алғы шарт жасауы қажет деген қағида берік орнықты.

Шығармашылық қабілеттің дамуы әр қилы шығармашылық әрекет ба-рысында жүзеге асады. Оқушының

шығармашылық әрекеті — оның мұғаліммен бірлесе отырып, білім үрдісіндегі материалдық және рухани мәдени объектілерін жаңаша сапалық тұрғыдан тануға, жасауға, өзгертуге бағытталған әрекетінің өнімді түрі. Қазақ тілі, әдебиеттік оқу сабағында оқушыларды шығармашылық жұмыстарға жетелеуде жазба жұмыстарының маңызы зор. Жазба жұмыстары — оқушының іс-әрекетіне негізделген ой еңбегі, шығармашылық ізденісінің жемісі, білімінің көрінісі.

Шығармашылық қабілетті дамыту мәселесі қай кезде де ойшылдар мен ғалымдардың назарындағы нысан болып келеді. Психологтар шығармашылық қабілетті дамытуды — тұлғаны дамытудың ең басты тетіктерінің бірі ретінде қарастырады, өйткені шығармашылық іс-әрекеттің нәтижесі оның қайталанбайтындығымен, бірегейлігімен ерекшеленеді.

Қазіргі кезде жеке тұлға өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсен-



діруге дайын, бәсекеге қабілетті, білімді, жан-жақты болу үшін алдымен оның тілін дамыту керек. Адам мәдениетіндегі өте күрделі көрсеткіштердің бірі – оның тілі болып табылады.

Тіл дамыту жұмысы – күрделі де шығармашылық процесс. Тілін дамыту ең бірінші кезекте баланың өмірден туатын қажеттілікті, өз сұранысын айтуға талпынуынан туады. Тіл байлығының мол болуы бір жағынан балада жаңа құбылыс, көрініс, ұғымдар мен түсініктердің көбеюіне, ал екінші жағынан, тілді жан-жақты меңгеруіне байланысты. Тілдің жақсы дамуының құралы тілдік қор болып табылады. Тіл дамытудың негізгі көрсеткіштері:

1. Өз ойын жүйелі түрде еркін жеткізе білу;
2. Қазақ әдеби тіл нормасына сай сөйлей білу;
3. Байланыстырып бейнелі сөйлей білу;
4. Мазмұндылығы, анықтығы, мәнерлілігі;
5. Грамматикалық, орфографиялық қатесіздігі.

Оқушылардың тілдік, сөздік қорларын дамытып, олардың белсенді қызығушылығын арттыра түсу үшін, сабақта және сабақтан тыс уақытта әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Олар мынадай:

1. Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау;
2. Логикалық ойлауын дамытатын ойындармен берілген тапсырмаларды шешу (сөзжұмбақ, анаграмма, құрастырмалы ойындар, т.б.);

3. Берілген тапсырманы түрлендіру (мәтін мазмұнын өңдеу, шағын әңгіме құру, шығарма жазу, т.б.);

Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту;

4. Ұнатқан кейіпкеріне мінездеме беру;

5. Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау;

6. Балаларға арналған журналдарды сабақта пайдалану;

7. Әрбір оқылып отырған шығарманың авторы туралы мағлұмат жинау;

8. Мұражайға бару;

9. Әр түрлі кездесулер өткізу.

Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Әрине, жұмыс нәтижелі болу үшін бұл әдістерді тұрақты түрде және жиі қолданып отыру қажет.

«Тілі дамымаған адамның ойы да дамымайды» деген халқымыз. Оқушыны сөзді көп біліп, көп үйреніп, көп білуге үйрету қажет. Демек, мәдени, шебер ауызекі сөйлеу үлгісін жазу жазба тілдің негізін салады. Пайдалы, өнегелі кітаптарды оқуға бағыт беру қажет. Сөз байлығының аздығы, оқушылардың өз ойын ауызша, әрі жазбаша, дәл, жүйелі, ықшамды етіп жеткізуіне қиындық келтіреді. Сондықтан сабақта өздік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор. Бірінішден, ол оқушының сөз байлығын молайтып, кеңітсе, екіншіден, үйренген сөздерін



қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді, үшіншіден, сөзді үйрену арқылы бала тіл нормасымен сөйлеп үйренеді.

Тіл дамыту жұмысында күнделік жаздырудың да үлкен маңызы бар. Оқушыға пікір жаздыру үшін оқыған кітабының авторы, аты, кейіпкерлері, оқиға не туралы, қай кезде болған, кітаптың тілі, ондағы мақал-мәтелдерді жинастыру, қолданудағы ерекшелік, кітапқа оқушының көзқарасы, т.б. мәселелер қамтылады. Пікір жазу арқылы оқушының ой-өрісін дамытады, тілі жаттығады, сөздік қорлары молайады. Мұндай жұмыс түрлері мазмұндама, шығарма жазуға дайындайды.

Сонымен, оқушыға ауызша және жазбаша жұмыстар жүргізе отырып тіл дамыту арқылы ойын да дамытамыз. Жүйелі ойлауын қалыптастырамыз.

Жазба жұмыстарының бір түрі — мазмұндама жұмысы. Балалардың мектепке келіп түскен кездегі психикалық және дене даму ерекшеліктері жөнінде оқулықтарда берілген мағлұматтарға сүйене отырып, мазмұндама екінші сыныптан бастап жүргізуге мүмкіндік бар екендігі анықталды.

Мазмұндама жұмыстары балалардың психикалық процестерін (түйсік, қабылдау, зейін, ес, ойлау, қиял, сезім, ерік) күшейтеді, әсіресе, ой қызметінің белсенділігін арттырып, мидың үлкен жарты шарлар қабығында өтіп жататын анализдеу, синтездеу әрекетін тудырады.

Мазмұндамаға дайындалу барысында, әсіресе бірінші, екінші сынып оқушыларының психикасында 1-сиг-

нал системасының қызметі мен эмоция басым болғандықтан, балалардың өмірде көрген-білгендеріне, заттың тікелей өзін көрсетіп, сол жөнінде қабылдауларына, уақиғаны бақылау қабілеттеріне сүйену керек.

Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылардың тілдік материалды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігін, мәтіннің синтаксистік құрылысын меңгертуге, ең басты қайта жасау қиялын дамытуға игі ықпал етеді. Осындай білім дағдыларын қалыптастыруда методистер Бегман Ысқақ және Эльмира Оразбаева мазмұндаманың мынандай түрлерін ұсынады:

1. Дайын мәтін бойынша мазмұндама;
2. Сурет бойынша мазмұндама;
3. Аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама.

Дайын мәтін бойынша мазмұндама. Дайын мәтін бойынша мазмұндаманың өзін бірнеше түрге бөлуге болады:

- Мәтінге жуық немесе толық мазмұндау;
- Мәтіннің мазмұнын сақтай отырып, бірақ баяндалу формасын өзгертіп баяндау;
- Қысқарта баяндау;
- Толықтырып мазмұндау.

Сурет бойынша мазмұндама жаздыру. Жұмыстың бұл түрін жүргізуде дайын әңгіме бойынша жүргізілетін мазмұндамаға ұқсас жүргізіледі. Олай дейтініміз, мұнда да әңгіме мәтінін мұғалім алдын-ала әзірлейді. Бұл жұмыстардың бір-бірінен айырмашылығы сөз болып отырған мазмұнда-



мада даяр мәтінге қосымша сол оқиға желісін ашатын сурет болады. Жұмыс барысында қылқалам туындысын пайдалана отырып, мазмұндама жазу оқушылардың сурет мазмұнын түсінуге, шығармада бейнеленген зат не құбылыстарды бейнелі де көркем сөзбен өрнектеуді үйретеді. Баланың эстетикалық талғамын байытып, шығармашылық қиялына қанат бітіреді.

Суретті пайдалана отырып жазылатын мазмұндаманың мынандай түрлері бар:

а) белгілі оқиғаға арналған бір сурет бойынша мазмұндама;

б) бір оқиға мазмұнын ашатын сюжетті суреттер арқылы жаздырылатын мазмұндама.

Сурет және сюжетті суреттер бойынша жаздырылатын мазмұндамаларды түрлендіріп өтуге мүмкіндік мол. Атап айтқанда, сюжетті сурет бойынша өткізілетін мазмұндама мәтініндегі қайырымдар мен сөйлемдердің орындарын ауыстырып беріп, оны суреттің сюжетіне байланысты түзеттіріп немесе орны ауыстырылған суреттерді мәтін мазмұны бойынша жүйеге түсіріп, түрлері оқушының ойлауы мен қиялын дамытып, шығармашылық қабілетін арттырады.

Аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама жаздырудағы мақсат — оқушыларды өз бетінше сюжет ойлап, әңгімені әрі қарай жалғастыра отырып, сәтті шешім тауып аяқтауға дағдыландыру.

Бұл шығармашылық жұмыс түрінде мазмұндама мен шығарманың эле-

менттері кездеседі. Бұрын ылғи дайын мәтінмен жұмыс істеп қалыптасқан оқушы алғаш рет өз ойынан әңгіме құрап, өзіндік ой қорытындысын жасайды. Мұғалімнің негізгі мақсаты — баланы ойлантуға ситуация туғызу. Сол арқылы оның өзіндік «менінің» қабілетіне қанат бітіру, қайнар бұлағын ашу. Бала бойындағы «туа біткен тілдік қабілетін» ояту. Мұғалім бұл жұмысты «жеңілден ауырға қарай жүргізу» принципі негізінде істейді.

Алғаш рет оқушыларға ұсынылатын аяқталмаған әңгіменің оқиға желісі, сюжеті суреттер арқылы бағыт-бағдар беру негізінде жүргізіледі. Демек, оқушылар аяқталмаған мәтінді сюжетті суреттерге және ұжым болып құрылған жоспар негізінде жазып шығады.

Шығарма жаздыру арқылы тіл дамыту. Шығарма жазба жұмыстарының ішіндегі ең күрделісі. Шығармаға дайындық тіл дамыту жұмыстарында жүргізіледі. Шығарма жаздырудың ең басты мақсаттары мыналар:

1. Бала білімін бақылау, білім деңгейін тексеру;

2. Жазбаша көркем тілін дамыту, теориялық білімдерін тәжірибелік жұмыстарда пайдалана білу;

3. Ойлау еңбегіне өз беттерімен іздендіру, өз пікірлерін салыстыру, қорытынды жасай білуге дағдыландыру;

4. Оқушылардың қабілеті, дарынына әсер ету, шығармашылық жұмыстарға баулу.

«Шығарма» деген сөздің негізінде «шығару» деген ұғым жатады. Яғни, ойдан шығару, ойлап шығару.



Бұдан шығатын қорытынды: шығармаға қойылатын талап — аса күрделі, әрі маңызды болады. Шығарма жаздырудың ерекшелігі сол, бұл — жеке орындалатын жұмыс түрі. Яғни, әр оқушы ойын өзінше жеткізеді. Сондықтан, шығарма жаздыру арқылы әр оқушының тілін, пікірін біліп, оны әрі қарай дамытуға болады.

Шығарма жазуға қойылатын негізгі талаптар:

1. Тақырыпты толық аша білу;
2. Артық баяндау, қажетсіз дәлелдемелер мен көпсөзділікке жол бермеу;
3. Шығармада сөз болған жайды оқушының басқаларға түсінікті болатындай орамды тілмен, аз сөзге көп мағына сыйғыза баяндауы;
4. Шығарманың бөлімдерінің негізгі ой арқылы шебер байланысуы;
5. Шығармада жазушының өмірбаянына, жазылу тарихына, тарихи оқиғаларға, кейіпкерлерге қатысты қателіктер жіберілмеуі керек;
6. Оқушының шығармада сын мақалалардан, әдебиеттану еңбектерінен шағын үзінділерді қисынымен қолдануы, оның терең білімін танытады;
7. Барлық айтылған ойды жинақтап, тұжырымдап, тиісті қорытынды жасай білу.

Оқушы тапсырманы өзі орындауы керек. Оқушының ойланып, нақты нәтижеге жетуін қадағалау — мұғалімнің басты міндеті. Жазба жұмысынан оқушының ой өрісі, білімі, сауаты көрініп отырады. Ауызша жауапта

оқушы білімін толық көрсете алмауы мүмкін, ал жазба жұмыстың ішіндегі ең бір толыққанды, оқушы білімінің нәтижесін толық тексеруге мүмкіндік беретіні — шығарма жұмысы.

Сонымен тіл дамытуға арналған шығармашылық жұмыстың бұл түрі оқушылар танымын белсенді етуде, қызығушылығын арттыруда, әсіресе әдеби тілін дамытуда, сауаттылыққа баулуда өте тиімді болып келеді.

Қазіргі мектептің оқу-тәрбие ісіндегі басты проблема — тіл мен сөйлеу процесін жіктей оқыту, оқушының дұрыс сөйлей білуіне, жазуына көңіл бөлу. Мұғалім оқушының ойын логикалық жағынан дұрыс, анық, қазақтың әдеби тілінің нормасына сай, грамматикалық, лексикалық, орфографиялық нормасына лайықты, дұрыс айта білуге үйретумен қатар сауатты жаза білуге жаттықтырады.

Оқушының жазбаша және ауызша ойын дұрыс бере, айта білуіне үлгі беретін — мұғалім. Сондықтан мұғалім тілдің тарихын, грамматикасын, стилистикасын, орфографиясын, лексикасын, пунктуациясын жақсы біліп, меңгеруі қажет.

Қандай пән болмасын, тіл байлығын қажет етеді. Ең бастысы, тіл ұстарту жұмысы арқылы мұғалім оқушының сабаққа деген ынтасын көтеріп, пәнге деген қызығушылығын оята алады. Әрбір оқушының тіл байлығын арттырып, мәнерлеп, мәдениетті сөйлеуге, жазбаша байланыстырып сауатты жазуға үйретеді.



Білім беру үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың маңыздылығы



М.К. МАТАНОВА,
«Павлодар
технологиялық
колледжі» ШЖҚ
КМК арнайы пәндер
оқытушысы.
Павлодар қаласы.

Аннотация: *Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсыруымен кәсіптік және техникалық білім берудің жүйесі жаңғыртылып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда.*

Түйінді сөздер: *Циклдік әдістемелік комиссиясының ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу, оқудың нәтижелігін арттыру бойынша, бақылау материалдарын қарастыру, инновациялық технологияларды практикалық түрде енгізу, оқу-әдістемелік жинақтарды дайындау, оқытушылардың өзіндік білім алуы, сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру, т.б. бойынша жоспарлы бағытталған жұмыс жүргізіледі.*

Болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет» дегендей, қазіргі кезде Республикамызда Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тапсыруымен кәсіптік және техникалық білім берудің жүйесі жаңғыртылып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Білім беру жүйесіне енгізілген түбегейлі өзгерістер білім берудің

мазмұнын жаңартып, жаңа көзқарас туғызады. Қазіргі ғылыми-техникалық үрдістің үздіксіз, қарқынды дамуына байланысты білім беру жүйесінің алдына жаңа талаптар қойылып отыр. Осыған орай, ең бірінші, әлемдегі алдыңғы қатарлы өркениетті, бәсекеге қабілетті елдермен терезе теңестірудегі тұлға – жас ұрпаққа сапалы білім мен тағылымды тәрбие беру. Кәсіби мамандарды дайындауда Қазақстан Республикасының жалпыға бірдей міндетті мемлекеттік стандартын жүзеге асырудың негізгі міндеті – ғылым мен білімді тәжірибемен ұштастыру. Тәжірибе барысында болашақ маман өзінің кәсіби мамандығы бойынша алғашқы тәжірибесін жинақтай бастайды. Қазіргі таңда кәсіптік салада жан-жақты білімді, білікті, іскер, бәсекеге қабілетті маман даярлауда әрбір білім алушыны жан-жақты ізденуге, өздігінен тың жаңалықтар ашуға, қай салада болмасын, ғылыми жұмысқа деген бейімділігін қалыптастыру көзделуде. «Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман», - деп Елбасымыз атап көрсеткендей, бүгінгі күні егеменді еліміздің дамыған отыз елдің қатарынан көріну үшін жастарымыз білімді және бәсекеге қабілетті болуы керек.

Павлодар технологиялық колледжі – республикамыздағы алдыңғы қатардағы оқу орындарының бірі. Ол өзінің бай тарихы мен көптеген дәстүрлері-



мен танымал. Оның негізін 1930 жылдары құрылған сүт және зооветеринарлық техникумдар салды.

Колледж өз алдына келесі міндеттерді қояды: мамандықтар бойынша типтік оқу бағдарламасына, заманауи нарық талаптарына, маманның бәсекеге қабілетті жеке тұлға болуына сәйкес кәсіби дайындықты қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау қажет; технологияны енгізу негізінде оқу сабақтарының сапасын арттыру, оқу үрдісіне оқу-әдістемелік, дидактикалық материалды және оқытудың ақпараттық технологияларының бағдарламалық қамтамасыз етілуін енгізу; педагогтар мен білім алушыларға интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін іске асыру үшін қажетті қызметті қамтамасыз ету, үздіксіз білім алу қажеттілігін, азаматтық позициясын, денсаулық мәдениетін, әлеуметтік бейімделу қажеттілігін қалыптастыру; практикалық білім алу сапасын заманауи зертханалар және кабинеттер құру негізінде арттыру, білім алушыларды практика базасына қатыстыру, кейін өндірісте жұмыспен қамтамасыз ету; колледжде білім алушылардың жеке даму үшін өзіндік басқару органдары, жастар орталығы, клубтар құру арқылы жағдайлар жасау.

Павлодар технологиялық колледжі — облысымызда кәсіптік-техникалық білім беруде көш бастап келе жатқан, білімді де білікті ұстаздар қызмет атқаратын, кәсіби маман даярлауда тәжірибесі мол, іргелі оқу орындарының бірі. Мұндағы басым бағыттың бірі еңбек нарығына қажетті маман даярлау болып табылады.

Білім беру үрдісінде инновациялық технологияларды тиімді қолдану білім алушыларды болашақта бәсекеге қабілетті маман болуға дайындайды. Оқытушылар инновациялық технологияларды тиімді пайдалану арқылы өз ойларын жеткізу және қалыптастыру, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту, іскерлік қарым-қатынаста туындаған іскерлік мәселелерді шешуді үйретеді.

Колледжде 4 циклдік әдістемелік комиссия жұмыс істейді. Циклдік әдістемелік комиссиясының ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу, оқудың нәтижелігін арттыру бойынша, бақылау материалдарын қарастыру, инновациялық технологияларды практикалық түрде енгізу, оқу-әдістемелік жинақтарды дайындау, оқытушылардың өзіндік білім алуы, сыныптан тыс шараларды ұйымдастыру, т.б. бойынша жоспарлы бағытталған жұмыс жүргізіледі. Ортақ әдістемелік тақырыппен жұмыс істеу аясында келесі тақырыптар бойынша шығармашылық топтар жұмыс атқарады:

- «AutoPlay media studio» бағдарламасында электронды оқулықтар жасау;
- «Delphi» бағдарламасында электронды оқулықтар жасау;
- Оқу үрдісінде «Квест технологиясы» бағдарламасында электронды оқулықтар жасау.

Соңғы жылдары білім беру саласына ақпараттық технологияларды, электронды оқулықтарды енгізуге көп көңіл бөлуде. Осыған байланысты электронды оқулықтарды құру мәселесі аса



маңызды болып табылады. Толығымен құрастырылған электронды оқулық сабақ барысында, компьютер кластарында жеке жұмыстарды орындауда, практикалық жұмысты орындау кезінде көмекші құрал болып табылады. Колледж оқытушылары «AutoPlay media studio», «Delphi», «Adobe Captivate» ақпараттық бағдарламаларда электрондық оқулықтар құрастырып, өздерінің білім беру барысында тиімді қолдануда.

Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты: «Оқыту процесін үздіксіз және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту». Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана

қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға шығармашылықпен жұмыс істеуге жағдай жасайды.

Павлодар технологиялық колледжі жеке тұлғаны әлеуметтік-экономикалық бағытында дамыту үшін, еңбек нарығының сұранысына сәйкес тұлғаның жеке қажеттілігін ескере отырып, үздіксіз білім беру жағдайында техникалық және кәсіптік мамандарды дайындау бағытында зор үлес қосуда. Біздің негізгі мақсатымыз теориялық білім мен іс-тәжірибені ұштастырып, болашақ кәсіби құзыретті маман дайындау болып келеді. Колледж түлектері бүгінгі таңда облыстың түкпір-түкпірінде өз мамандықтары бойынша абыройлы еңбек етуде.

Жобалау әдістерінің оқушылардың білім сапасын дамытуға әсері

Басты байлық — адам, ал адам байлығы — *білім*. XXI ғасыр — білекке емес — білімге, күшке емес — епке тоқтаған заман. Қазіргі қоғамда экономикалық, әлеуметтік, саяси және адамгершілік проблемаларды шешуде білім сапасының рөлінің зор екені ескеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінің өмір сүруі мен дамуының негізгі принципі — оның үздіксіздігінде. Ол үшін білім беру процесінде оқушының рөлін өзгерту керек. Педагогикалық процесті ұйымдастыру-

ға жаңаша қарап, сол жаңаны өмірге енгізу қажеттілігі туындап отыр. Оқу және білім беру қызметін ғылыми тұрғыда ұйымдастыру қазіргі таңда жаңа педагогикалық технологияларды енгізу арқылы жүзеге асырылып жатыр. Осы орайда оқушылардың шығармашылық, интеллектуалдық, логикалық, танымдық, коммуникативтік қабілеттерін дамытуда жобалау әдістерін тиімді қолданудың маңызы ерекше.

Жоба (лат. *Projectus* — алға тартыл-



ған) — бұл қандай да бір нысанның алдын ала жасалған түпкі ойы, прототипі, бейнесі, қандай да бір құрылым жасау үшін қажетті құжаттардың жиынтығы немесе алдын ала жасалған мәтін. Педагогикада 1920 жылдары Д. Килпатрик қалыптастырған жобалар әдісі танымал болатын. *Жобалау* — «proicere» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. «Жоба» ұғымы педагогика саласында ғана емес экономика, басқару, зерттеу салаларында да кеңінен қолданылатыны белгілі. Мысалы: құрылыс жобасы, зерттеу жобасы, оқыту жобасы т.б.

Жобалау әдісі — оқу үрдісін ерекше етіп тұратын кешенді оқыту тәсілдері жиынтығы. Бұл әдіс — оқушыларға әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, ұйымдастыруға және бақылауға мүмкіндік береді. Жобалау әдісі оқушылардың тақырып таңдауда, мәліметтердің дереккөздерін жинауда және презентация жасауда өз бетінше жұмыс істеуге жағдай жасайды. Бұл әдіс қарым-қатынастың жаңа түрін үлгілеуге арналған. Жобалау студенттің өз бетінше ойластырып, жүзеге асыруға арналған жұмысы. *Жобалау әдісі* — оқушы мен мұғалімнің бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерін айтуға болады. *Жобалау әдісі* — оқушының бірнеше пәннен алған білімдерін қолдана білуіне негізделіп, көбі-

не топпен орындалатын, пәнаралық сипатта болады. Жобаны оқушылар өздері орындайды, мұғалім тек кеңес беріп, бағыттап отырады.

Бірінші кезең — зерттеу мәселесін анықтау, өзектілігі мен өңделгендігін сипаттау. Зерттеудің өзектілігі, карама-қайшылығы, мәселесі, нысаны, пәні мен тақырыбы көрсетіледі. Зерттеудің әдіснамалық аппаратын қалыптастыра алу.

Екінші кезең — әдіснаманы, бастапқы тұжырымдаманы, теориялық тірек ережені таңдау. Ғылыми ақпарат пен білімді талдау мен синтездей алу.

Үшінші кезең — зерттеу міндеттерін анықтау, болжам жасау. Сәйкес білім негізінде зерттеудің болжамдары мен міндеттерін қалыптастыра алу.

Төртінші кезең — әдістерді таңдау және зерттеудің тұрақты тәжірибесін жүргізу. Ғылыми зерттеу әдістерін, іріктеу критерийлерін білу және зерттеу әдістеріне таңдау жүргізе алу.

Бесінші кезең — түрлендіру тәжірибесін ұйымдастыру және жүргізу. Тәжірибені жоспарлау мен ұйымдастыру, жүргізе алу.

Алтыншы кезең — нәтижелерді талдау, түсіндіру және рәсімдеу.

Жетінші кезең — тәжірибелік ұсыныстар беру және болжам жасау. Аналитикалық шеберлік, синтетикалық шеберлік және т.б.

Сегізінші кезең — рефлексия. Зерттеудің мақсаты орындалды ма? Жоспарға сәйкес не орындалды, не орындалмады? Қандай қателіктер болды? Және т.б. Рефлексивті шеберлік.



Қазіргі таңда Қазақстан мектептері бірнеше технологиялармен жұмыс істеп келеді. Ал В.М. Монаховтың жобалап оқыту технологиясының тәжірибе алаңына айналып отыр. В.М. Монаховтың педагогикалық технологиясы орталығы 2003 жыдың қараша айынан Тольятти қаласында өз жұмысын бастаған. 2005 жылдың желтоқсан айынан Қазақстан аймақтарында да қолданыла бастады. В.М. Монахов технологиясы бойынша мектептердегі жұмыстар лекция, семинар, жеке және топтық кеңестер түрінде өткізіді.

Жобалап оқыту технологиясы педагогтың интеллектуалдық, кәсіби, моральдық, рухани, азаматтық және басқа да сапалық қасиеттерін қалыптастыра отырып, мұғалімнің жеке тұлғасына тікелей әсер етеді. Жобалап оқыту технологиясы оқушының жеке тұлғасына көзқарасты өзгертеді. Ол оқушыны оқу үдерісін ұстазбен бірге тең дәрежеде жүзеге асырушы ретінде қарастырады, оның жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп отырады. Мұғалім мен оқушы қарым-қатынасы психологиясын қайта құру, қайта қарау жұмыстары жүргізіліп келеді. Бірінші кезекте оқушыға субъект ретінде қарау керек. Оқытудың мазмұны мен түрі толығымен түседі, яғни әдістемелік жүйе адамгершілік тұрғыдан байи түседі.

В.М. Монаховтың жобалап оқыту технологиясы жобалау кезінде де және оны жүзеге асыру кезеңінде де қолданылатын мынадай бес түрлі сапалардан тұрады:

- мақсат қою (кіші мақсаттар жүйесі);

- диагностика;
- оқушының өзіндік жұмысының мөлшері;
- жобаның логикалық құрылымы;
- түзету.

В.М. Монаховтың педагогикалық технологиясында оқу үдерісін жобалаудың басты үш объектісі анықталған:

- 1) технологиялық карта (ТК);
- 2) оқушы дамуының ақпараттық картасы (ОДАК) (ИКРУ);
- 3) сабақтың ақпараттық картасы (САК).

ТК мен ОДАК жобалау түрлері оқушыны дамытуға бағытталған оқу үдерісін жобалаудың жаңа қырларын ашып көрсетті.

Технологиялық карта — бұл оқу үдерісін тақырыбы бойынша жобалаудың «паспорты» болып табылады. ТК оқу үдерісінің бес бағытын қамтитын бес құрамнан тұрады. Барлық бес құрамы бір-бірімен тығыз байланысты:

- кіші мақсаттардың мазмұны диагностиканың мазмұнын анықтайды;
- диагностиканың мазмұнынан үй жұмысының мазмұны, көлемі және ауырлық деңгейі анықталады;
- үй жұмысы көлемінің жеткілікті не жеткіліксіз екені диагностика жүргізілген кезде анықталады;
- логикалық құрылым — бұл оқу үдерісінің мазмұн мен жүйе жағынан бірлігі;
- түзету — мұғалімнің диагностикадан өтпеген оқушымен тікелей жұмысының бағдарламасы.

Мақсат қою — бұл мұғалімнің өзі



анықтайтын кіші мақсаттар жүйесі. Атап айтқанда, бағдарламаның мазмұнына талдау жасай отырып, білім беру стандарты талаптарына, өзінің жеке әдістемелік іс-тәжірибесіне сүйене отырып, мұғалім тақырыптың негізгі мазмұнын мақсат қою тіліне айналдырады. Кіші мақсаттар белгілі бір жүйемен жүргізілуі керек.

Педагогикалық технологияның басты құндылығы — сабақтың басым бөлігі оқушыны дамытуға кетеді.

Технологиялық карта оқушыға бақылау жұмыстарына дұрыс дайындауға мүмкіндік береді. Диагностика оқушыны жүйелілікке үйретеді, оқушының әрбір сабаққа дайындықпен келу дағдысы қалыптасады. Алдынала қарастырылғын үш деңгейдегі үй тапсырмасы мен бақылау кесіктері оқушыға өзінің оқу траекториясы мен дамуын өзі анықтауына мүмкіндік береді. Оқушы технологиялық картамен алдын-ала танысу арқылы мұғалім қашан және нені сұрайтынын, қай жауапқа қандай баға алатынын біліп отырады. Технологиялық карта мұғалім мен оқушы, мұғалім мен ата-ана, оқушы мен ата-ана арасындағы байланысты тиімді дамытады.

«Білімді ұрпақ — ел тірегі» деп тү-

сінсек, оқушыларды заманауи технологиялар негізінде білім беру, тәрбиелеу, бала бойындағы қабілеті мен дарынын дамыту басты мақсат. Олай болса барлық мұғалімнің жауапкершілігі жоғары, білімді, білікті болуы тиіс. Уақыт алға жылжыған сайын сабақ процесін жетілдірудің жолдарымен әдістері үнемі өзгеріп, жаңарып отырады. Мұғалім де көштен қалмай, үнемі даму жолында болуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Нұрғалиева Г.К. Педагогические исследования в области информатизации образования// Вестник Академии пед.наук Казахстана. №1, 2005.

2. Монахов В.М. Введение в теорию педагогических технологий: монография / В.М. Монахов. — Волгоград: Перемена, 2006.

**Айнұр Қалапбергенқызы
ЖҰМАХМЕТОВА,
№266 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен
әдебиет пәні мұғалімі.
Қазалы ауданы,
Әйтеке би кенті,
Қызылорда облысы.**

Мұғалімдік мамандық — бұл адамтану, адамның күрделі және қызықты, шым-шытырығы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу. Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер — ол даналықты жүрекпен ұға білу болып табылады.

В.А. Сухомлинский





Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы адамгершілік тәрбиесі

Адамгершілік тәрбиесі — ізгілікке, инабаттылыққа баулудың жолы болып табылады. Адамгершілікке тәрбиелеу, адамгершілік туралы түсінік беру, адамгершілік сезімі мен адамгершілік мінез-құлықын тәрбиелеуден тұрады. Адамгершілік тәрбиенің әлеуметтік қызметі — жеткіншек ұрпаққа жинақталған тәжірибені жеткізуден көрінеді.

XX ғасыр басында Қазақстандағы қоғамдық-саяси, философиялық ойға өзіндік өшпес із қалдырған тарихи тұлғалардың бірі — *Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы*. «*Мәшһүр*» араб тілінде *танымал* деген мағына береді екен. Қазақ халқының көрнекті ойшылы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының (1858-1931) есімі еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап шынайы мәртебесіне көтеріліп, тарихта лайықты орнын ала бастады. Кезінде социалистік идеологияға қудаланған, теріс бағалаулар берілген талай ұлт саңлақтарының тарихи сана тұрғысынан өзінің лайықты бағасын алатын кезі келді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы қазақтың көрнекті ақыны, ойшыл, ғалым, философ, фольклорист, тарихшы, этнограф, шығыстанушы және халық ауыз әдебиетінің үрдісін жалғастырушы. Ол 1858 жылы Қызылтауда Ашамайтас деген жерде қазіргі Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы Қызылтау аумағында дүниеге келген болатын. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өмірлік мақсаты болашақ ұрпаққа мол рухани мұра қалдыру болды. 1889-1890 жылдар арасында «*Дала уалаяты*» газетіне

жиі мақала жазып отырды. Осы жылдары «*Әңгіме*», «*Бәрі қысқа, еркін дүниеге келеді екен*», «*Кедейлікке үш қырсық оралады*», «*Күн шықпай ерте тұрып*», «*Білмейді ел өнерлісін аулақ болар*» деген бес өлеңі жарияланады.

1907 жылы Казан қаласында «*Хал-ахуал*», «*Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз*», «*Сарыарқаның кімдікі екендігі*» атты шығармаларын басып шығарды. 1931 жылы Мәшһүр-Жүсіп дүниеден озды. Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «*Ғибратнама*» өлеңі адамгершілік пен мейірімділікті насихаттайды. Мәшһүрдің рухани мұрасын зерттеумен ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институтының ғылыми қызметкерлері айналысты. Шығармаларының ішінде тәрбиелік мәні туралы белгілі ғалымдар Д.М. Аңсабаев, М.Ж. Көпеевтің педагогикалық мұрасындағы рухани құндылыққа бағдарлау мәселесін Н.С. Асенова қарастырған болатын.

Мәшһүр Жүсіптің шығармалары өзі өмір сүрген ортаны ғана қамтымайды. Тілдің даму барысындағы қазақтың көне этномәдени лексикасын да қамтиды. Ол шығармаларында этномәдениет бағыттарының барлық түрлерін қамтиды. Мысалы:

- Заттық мәдениет;
- Этнонимдер мен антропоним және топонимикалар (оның ішінде: оронимдер, гидронимдер, ойконимдер, эргонимдер, некронимдер, дрогонимдер, космонимикалар);



- Рухани, қоғамдық-әлеуметтік этно­мәдениет;

- Халықтық метрологиясы (нумеративтер);

Туыстық және жақын-жекжат атаулары мен жыныс — жас ерекшеліктеріне байланысты бөлінуі;

- Діни салт-дәстүрлері;

- Егін шаруашылығына байланысты лексика;

- Мал — аң, балық лексикасы (зоонимия);

- Халықтық метрология;

- Көне әскери қару-жарақ аттары;

- Халықтың ескілікті наным-сенімдері;

- Мифология;

- Өсімдік терминдері (фитономия) кездесетінін көрсетті.

Академик Ә. Марғұлан: «Мәшһүр ақындықтан басқа ғалым — адам. Күншығыс, араб, парсы халқының тарихын, фәлсафасын жақсы білген. Химия, физика, геология, астрономия ғылымдарынан жақсы хабары болған. Мәшһүрдің бұл сияқты терең ғылымдармен танысуына көз болған, көбінесе атақты Әбдуғали Сина, Әл-Фараби сияқты орта ғасырдағы бұқара ғалымдарының шығармалары, жаңа араб, парсы, түрік кітаптарын көп оқыған», — деп бағасын берді.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өткен ғасырдың өзінде адамдарды тек ақ, қара деп бөліп, не оған сырттай сүйсінумен, не одан мүлде безінумен шектелмейді. Адамдардың не бірыңғай қап-қара жағымсыз болып келе бермейтінін, қайта бір адамда әрі он, әрі теріс сезімдер қатар өмір сүріп, арпалысқа түсу ерекшелігін ашу, әсіресе, сол кез үшін кесек жетістік, адам сезімін лирика жанры

мүмкіндігіне сай әсерлеп ашуда елеулі кадам еді. Мәселен, оның 1880 жылдары жазылған «Жарты нан хикаясы» өлеңінде басты назар өзіне жақсылық жасаған адамды жұтпақ болған айдаһар жауыздығына емес, жапа шеге жаздаған адамның өзінде елеулі қайшылық бар екеніне назар аударылады. Мәшһүр-Жүсіптің өлеңдері оқу, кәсіп меңгеру, ізгілікке ұмтылу, қазақ тілін, рухын, мәдениетін сақтау, имандылықтан бастау алады.

Мәшһүр Жүсіп шығармаларының 4-томына енген: «*Кедейліктің арқаны*», «*Өлім алдындағы хал*», «*Бақ құсы*» өлеңдерінің мазмұнына тоқталсақ жастарды сабақ оқуға, еңбек етуге, еріншектікке салынбауға үгіттейді. Сонымен қатар, «*Ақ қағаз, қалам, сия келді бізге*», «*Ұқыпты әйел*», «*Салақтық — дерт*», «*Күліктің атқамінерлеріне*», «*Дүниеге жарасады күн менен ай*» туындылары жетістікке жету, кемшіліктен құтылу жолдарына итермелейді. Білмей істелген жаңсақ қадамның қауіпті екендігін дәлелдейді. Сондай-ақ «*Кәф пен Нон*», «*Құдайым жексенбі күн жер жаратты*», «*Абыраһа мен Мұтылаб*», «*Мұхаммед пен Әбужаһил*», «*Мұхаммедке пайғамбарлық келгені*», «*Ғалының ниеті*», «*Ықылас сүресі*», «*Сүлеймен мен Ібіліс*» және «*Адам ата мен Шайтан*», «*Пайғамбардың нұры*», «*Ораза туралы*», «*Расулдың өлімі*» өлеңдері аңыз-әңгімелерге негізделген.

Мәшһүр-Жүсіптің 1907 жылы Қазан қаласында «*Тірлікте көп жасағандықтан, көрген бір тамашамыз*» кітабын жарық көрді. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «*Тірлікте көп жасағаннан көрген тамашамыз*» жинағына енген «*Соқыр, саңырау және жалаңаш*» өлеңі адам бо-



йындағы жаман қасиеттерден жирендіріп, адамгершілікке, елін, жерін сүйуге, өнер-білімге, ұлттық қазынамызды қастерлеуге тәрбиелеу, оқушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілетін, өзіндік ізденісін дамыту бағытталады. Мұхтар Әуезов былай дейді: «XVIII ғасырда жасаған ақындардың ішінен жыры көп сақталған Бұқар жырау. Бұқардың жырларын сақтап, тарих алдында ерекше еңбек сіңірген адам — Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Бұқардың жырларын жазып алған Мәшһүр-Жүсіп «Мес» жинағына қарасаң, көңілің тояттайды, оқысаң көзің қуанады. Әсем көшірілген қолжазба Мәшһүр махаббатына лық толы. Ол көне қолжазбаның әрбір сөзіне дейін жеткізуге, қазақ тілінің алтын қорын шашпай-төкпей сақтауға тырысқан», - деп қызығыпты. Академик М. Қозыбаев бірнеше рет Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өлеңдерін тарихнамалық және өлкетанулық сала ретінде қарастырады. Мәшһүр-Жүсіптің «Мес» атты төрт томдық жазбадан атақты Бұхар жырауға арналған үзінділерін келтірді.

1907 жылы Қазандағы Хұсайыновтар баспасынан *Мәшһүр-Жүсіптің «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал»* деген үш кітабы бірінен соң бірі басылып шығады. Мәшһүр-Жүсіптің *«Бір әйелдің ботасын жоқтағаны», «Бопы төренің қарындасын жоқтағаны», «Жоқтау өлеңдері», «Жұбату», «Бата үлгілері», «Бақсының сөзі», «Беташар», «Жар-жар», «Жарапазан», «Мысал-аңыз үлгілері», «Қара өлең», «Өтірік өлең»* және т.б. жырларының мазмұнынан салт-дәстүрлердің нағыз рухани құндылығын

сезінесіз.

Профессор Б. Кенжебаев: «Мәшһүр шығармаларының көпшілігінде заман жайын айтады, қазақтың теріс мінездерін, қазақ арасындағы ескіліктің қалдығын, би-болыстарды, патша үкіметінің чиновниктерін сынайды», — десе, ғалым жіті байқап, дұрыс бағалаған деп білеміз. Мәшһүр Жүсіп ел ішін көп шарлап, ақсақалды қарт, ақ самайлы әжелердің аузынан халық ауыз әдебиетін жинайды. Сол мақсатпен кейде баратын ауылына жете алмай далаға қонса, кейде таудың ішіндегі бұлақтың басына түнейді. Ақын мал соңында салпақтап күндіз-түні еңбек етіп жүрген кедей шаруаның ауыр азабын, жетім мен жесірдің көз жасын өлеңге қосты.

«Адамгершілік — мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыру, адамгершілік сезімдерді дамыту, моральдық сананы мақсатты бағытталған түрде қалыптастыру немесе мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді, мінез білімдерін, моральдық қасиеттерді қалыптастыру процесі» деген анықтама берілген. Баланы адамгершілікке қажетті әдіс-тәсілдер арқылы тәрбиелеу керек. *Адамгершілік тәрбиесі — жас ұрпақтың белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасын, сенімін, парасатын, мінез-құлық дағдылары мен әдеттерін қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған тәрбиенің құрамдас бөлігі.*

Адамгершілік дегеніміз адамдар бойында болуға тиісті ізгі қасиеттер жиынтығы, ол олардың жаны мен тәнінде азықтандырады және іс-әрекеттерінде көрініс береді. Адамгершілік тәр-



биесі төмендегідей тәрбиелеу тәсілдерін қамтиды: адамның қоғаммен байланыстылығын, оған тәуелді екенін, өзінің мінез-құлқын қоғамның мүдделерімен үйлестірудің қажеттігін сезіну, адамгершілік мұраттарымен таныстыру, қоғамның талаптарымен, олардың заңдылықтарымен және адамгершілік туралы білімдерін адамгершілік сезімдерге айналдыруды көздеумен қатар, адамның адамдарға құрметпен қарауын қарастырып, олардың адамгершілік дағдыларды қалыптастыру мақсатын көздеу. Адамгершілік тәрбиені бала сезінуі керек.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің мақсаты — елден естіген мұраларды түсіре беру, сақтау болған. Оның шығармаларының көбі — *философия*. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев шығармаларында *адамгершілік, имандылық, әділдік, еңбек сүйгіштік, сезім, парызды* сипаттаса, ал кейбірінде *адам жаратылысы, болмысы, жақсылық пен жамандықты* түсіндіреді, ал ендігі бірінде *елде болып жатқан сол кездегі күйді, мұңды* баяндайды.

М.Ж. Көпеев өзінің «Бес қымбат» деген өлеңінде:

«Ең әуел керек нәрсе — **иман**» - деген...

«Екінші керек нәрсе — **ғақыл**» - деген...

«Үшінші қымбат нәрсе — **сабыр!**» - деген...

«Төртінші, қымбат нәрсе — **шүкір**» - деген...

«Бесінші, қымбат нәрсе — **әдеп**» - деген...

Иман, Ғақыл, Сабыр, Шүкір, Әдепті өмірде бес қымбат ретінде қажетті нәрселер деп көрсеткен. Расында да осы бес қымбатты әрбір жанның иманды,

ғақылды түсініп, білуі, сабырлы болуы, шүкіршілік етуі, әдеп танытуы қажетті деп ойлаймыз. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев ғылымды, еңбекті, ағартуды қандай болмасын жақсылықтың, сәттіліктің қайнар көзі деп есептеді. Ертеден келе жатқан еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдері еңбек тәрбиесінің құралы болып табылады. Еңбек — жеке адамның өркендеуіне, санасы мен қайратының қалыптасуына әсер етеді, адам баласын рухани байытып, оның өмірінің мол қазынасын жасайды. «*Еңбек етпеген ішін-жсемейді*», «*Еңбек түбі береке*» деп халқымыз еңбек ету арқылы мәнді де сәнді өмір сүруге болатынын ескертеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мәшһүр-Жүсіп Көпеев / Құрастырушылар: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. — Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. — 359 б.

2. Сағындықұлы Б. Мәшһүр-Жүсіп өлеңіндегі сөйлемдік қолданыстар // Мәшһүр-Жүсіп оқулары: Республикалық конференция материалдары / С. Торайғыров атынд. мемл. ун-ті. — Павлодар, 2001. — 1-жинақ. — 90–98 бб.

3. Негимов С. Мәшһүр-Жүсіп және қазақтың шешендік өнері // ҚР ҰҒА Хабарлары. Филол. сериясы. — 2005. — 19-22 бб.

Гаухар Оркенъековна
БЕЙСЕНОВА,

Құмаш Нұрғалиев атындағы
колледжінің қазақ
тілі мен әдебиет пәні мұғалімі.

Өскемен қаласы,
Шығыс Қазақстан облысы.



Өмірі өнегеммен өрнектелген

Адам өз өмірінде талай жанмен кездеседі. Жақсымен де, жаманмен де. Бірақ соның ішінде қара жерге кіргенше, ұмытылмайтын аяулылары болады. Ондай жандардың бейнесі тот баспайтын сары алтындай сенің есінде сол өзіңе ұнаған қалпында қалады да қояды. Оны басыңнан өткен ұзақ жылдар да, қайғы-қасірет те, қуаныш та сенің жүрегіңнен өшіре алмайды.



Туған әкемдей, қамқор ағамдай, ақылшым, жанашыр ағатайым, 28 жасымда өз қызы директор болғандай қуанған, төркінім, тілекшім, тәлімгерім, ұстазым, сыйласым, сырласым, керемет жан, Совет ағаның да кеткеніне 40 күн толды. Мектептің атынан еске алу жаздым. Алдағы уақытта, мен үшін ұлы тұлға туралы жазатыным көп. Жасамаған жасын, көрмеген қызығын, бала-шаға, немере-шөберелеріне берсін!

Қызыл қыстақ ауылы. Меркі ауданындағы мен үшін ең ыстық, ең қымбат ауыл. Себебі, жалындаған жастық шағым, жаңа еңбек жолы, басшылық қызметімнің бастау алған жері. Қырғызстанмен шекаралас жатқан, Абай көшесінен төмен қарай жүре бересің. Темір жол ауылды қақ жарып өтеді. Тура Талғат Теменовтың «Махаббат станциясы» деген атақты кинофильміндегідей. Поездың гудогының дауысы, ары-бері зулап, түрлі тауар тиегені бар, жолаушылар таситыны бар, ертелі-кеш тынбай өтіп жатады. Үйлері ең

селі, тұрмыс-тіршіліктері жақсы екені көрініп-ақ тұр. Көшелері асфальтталған, ұзыннан-ұзақ созылып Ақермен ауылына ұласып жатыр. Ауылдың ортасында зәулім орта мектеп мен мұнда лап тұр. Өмірімнің ең есте қалар кезі, бейтаныс ауыл, бөтен мектеп, бұған дейін Гранитогор по-

селогындағы санаториялық мектеп-интернатта жұмыс жасаған едім. Ақпан айының 26 күні, аудандық білім бөлімінің басшысы мен еңбек туралы инспектор бірге келіп, ұжымға таныстырып кетті. «Әсем, мектеп өте қиын, ұжымда 7 бұрынғы директорлар, 5 завуч отыр, бұрқыраған арыз тоқтамай тұр, абайла!» - деп екеуі орталыққа қайтып кетті. Осы күннен бастап, №3 Қызыл-қыстақ мектебінде директорлық қызметке кірісіп кеттім. Арыз да тоқтады, ұрыс та жойылды, жақсы көңіл-күй орнады. Алғашқылардың бірі болып, 28 жасымда басшы болып келген мені, туған қызы директор болып келгендей қуанған Совет Сансызбайұлы болды десем, артық айтпаған болар едім. Ағаның басқалардан ерекшелігі, адамгершілігінде, кісі тани білетіндігінде дер едім. Етене жақын әңгімелесіп, ақыл-ын айтып, мына жерің дұрыс, бұрыс деп кеңес беріп, жанашырлық таныта білді. Жас екен деген жоқ, басшыға бағына білетін, басшы сыйлай білетін,



тындай білетін жан екенін бірден көрсетті. Мектептің ішінде қоқыс жиналып жатқан, ескі парталар, сынған әйнек, жәшік сияқты керегі жоқ заттар жиылып тұратын бір төрт бұрышты алаңқай бар еді. Наурыз айы басталысымен көгалдандыру айлығын жүргізіп, гүл отырғызуды бастап кеттік. Сол жерді қоқыстан тазартып, гүл тігейік деп ұсыныс жасадым. Совет аға бастап, қуана қолдады. Бекет сияқты қолынан іс келетін жігіттерді ұйымдастырып жіберіп, осы мектептегі алғашқы жұмысымды қолдап жіберді. Керексіз нәрселердің бәрін шығарып тастап, қиыршық, құм, тастардан тазартып жерді аударып, кара қи төсеп, ауылдың сыртынан шым ойып әкеліп, түзулеп қойып, гүл тігетін жерді дайындап берді. Төрт бұрышты, жан-жағы мектеп қабырғаларымен қоршалып тұрған дайын жерді осылайша бір аптаның ішінде қалпына келтірдік. Төрт бөлікке бөліп, раушан гүлдерінің көшеттерін әкеліп, отырғызып, бордюрларды сырлап, керемет демалыс аймағы болып шыға келді. Жан-жағына оқушылар үзілісте демалып отыратын сәкілер қойып, Совет ағайым өзі басқарып, өзі аяғына дейін жеткізді. «Швейцария» болды ғой, деп қуанғаны есімде. Кейін мектепке келген комиссияны бірден осы жерді көрсетуге апарып жатушы едік. Әрине, арасында кертартпа кісілер де болды, Совет ағаның қолдауымен ондайларға мән бермей өттік. Ол кезде Меркі – Чалдовар деген автобуспен ертелі-кеш, Ақаралдан барып-келіп жұмыс атқарғандықтан, түскі үзілісте үйге бармайтынмын. Сол ауылда бірінші болып, үйіне қонаққа шақырған, қонақжай-

лық танытқан, «өз үйіндей көр, қысылмай келіп тұр» деген тағы да Совет ағайым болды. Гүлсім апай да, қабағы ашық, дастарханы жиналмайтын, келбетті кісі екен. Екеуі бір-бірін еркелетіп, қалжыңдасып, сыйласып отырғандарын талай рет көрдім. Сол үйдің қызындай болып, еркелеп барып, еркінсіп кіріп, қанша жыл жұмыс істесем, сонша жыл алтын ағатайымның үйі пана болды. Қыстың күні айнала аппақ қар. Жер тайғақ, қандай аяқ киім кисем де, тайып құлай беретін әдетім. Түсте ағаның үйіне барып, қайтқанда қолтықтасып, жармасып ұстап аламын. Былдырлап әңгіме айтып барамын, ағатайым соның бәріне мән беріп, мұқият тыңдайды. Екеуіміз апайдың сүт қатқан қою күрең шайын ішіп, түстен кейінгі жұмысқа келуші едік. Сол жылдары оқушылардың қызылша өсіретін өндірістік бригадасы бар болатын. Оған қолынан іс келетін, аяғына дейін, шыдамдылықпен жеткізе алатын адам болмаса, кез келгенге тапсыруға болмайтын. Совет Сансызбайұлы үлкен жауапкершілікпен осы жұмысты мойнына алды. Директор тындыруға тиісті талай шаруаларды бір өзі атқара салушы еді. Сен қыз баласың, бармай-ақ қой деп, қант зауытымен келісім-шарт жасау, техникалар табу, жерді жырту, тұқым себу, күнде колхоздың бастығынан көлік сұрау сияқты жауапкершіліктен құтқарып қалыпты ғой, қазір ойлап отырсам, мен ағаға жақсылығын еске алу мақаласы емес, кітап жазсам да қайтара алмайды екенмін!!! Оқушылар бригадасын жасақтап, жекелеу, шабық, қопсыту, күзде қызылша қазу, жону сияқты қиын да қызықты, қы-



руар жұмыстарды атқарып, сол жылдары бәріміз, 20 мәшектен шекер алып, қарық болдық. Көлік жағын да өзі тауып, оқушылардың үйді-үйіне өзі таратып беріп еді. Бір жылы қызылша суғару үшін, атызбен ағатын үлкен арықты бітеп, қызылша плантациясына су келмейтіндей етіп, шлюздің аузын бітеп, жарты машинадай құм төгіп тастапты. Бұл, табысты жұмыстарымызды «қызғанушылардың» тірлігі екенін сездік. Ағатайым, «ештеңе етпейді» деп, ерінбей, жалықпай, күрекпен құлаштап лақтырып, арықты су келетіндей етіп тазартып, түнімен қызылша суғарып едік. Алынған өнімді қант зауытына да өзі тасыды, мені «қиын» жұмыстың бәрінен оңай алып шығушы еді. Қайран ағатайым-ай, адам айтса сенгісіз, сыйластығымыз жекжаттыққа жалғасты. Кіші ұлы Бауыржан мен келіні Әлия үйленгенде ұлан-асыр тойда төрде құдалармен бірге отырғызды. Өзі зейнетке шыққан үлкен тойды да ұжыммен бірге тойладық. Гүлсім апай зейнетке шыққанда да қуаныштарының ортасында болдым. Одан да басқа үлкенді-кішілі аға мен әпкенің шайлары таусылмайтын. Оқу-тәрбие жұмысының, жетістіктердің қорытындысына қарай мені аудан орталығындағы ең үлкен, мектептердің қара шаңырағы саналатын №18 Калинин атындағы орта мектепке директор етіп ауыстырды. Ұжыммен қимай, ешкіммен шай деспеген әріптестеріммен, төркінім болған Совет ағамен осылай қоштастық. 5 жылдың зулап өте шыққанын да байқамай қалдық. Төркінім дейтінім, жаңа мектепке бірінші болып, Совет аға іздеп келді. Жаңа ұжымның алдын-

да беделімді көтеріп кетті, ісің сәтті болсын деп батасын беріп кетті. Аудан орталығына келген сайын, «жұмысың қалай?» деп бір соғып кететін. Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адал ақ жүректен шығады емес пе? Совет Сансызбайұлының көрсеткен өнегесі, берген тәрбиесі — даналық! Жалғыз маған ғана емес, сол кездегі жас кадрлардың бәріне ыстық ықыласын төге білді. Қызыл қыстақ мектебінің айналасында «Советтің талдары» деген талдар өсіп тұр. Ерте көктемде «Наурыз» мерекесінде тал отырғызып, күректі ала салып, өз қолымен отырғызып, үлгі көрсетіп еді. Әсіресе, мектепке комиссия келеді дегенді естісе, құжаттарың қалай, педкеңестің хаттамалары, директорлық кеңестің өндірістік жиналыстарың қалай деп, келетін кісілерден бұрын өзі бір тексеріп шығып, «жарайсың, қызым!» деп қоюшы еді. Сенбіліктер өткізген кезде ылғи алдыңғы шепте көрініп, көпшілікке өнеге көрсететін. Мен мұндай кісіні, кейін талай мектепте директор болған жылдарымда кездестірген жоқпын. Шын мәнінде, тағдырдың маған берген сыйы десем де болады. «Назары әдемінің ой санасы әдемі келеді, ой санасы әдемі адам, өмірде рахат көреді» - дейді халық даналығы. Совет аға мың сынақ көрсе де, иіліп сынбаған, жақсылық жасаса да, жар салып айтпаған, елеусіз жүрсе де ерлікке баратын кісі болатын. Бірде мектептің жалпы ата-аналар жиналысында сөз алған Сәкең: «Тыйым көрмеген баладан тексіз шығады, тектеу адамды әдептілікке үйретеді, қазақтың төл тәрбиесін бала бойына сіңіре білу керек». «Ұят болады» мен «Обал



болады» баланың алғашқы тілі шыққан күннен бастап, үйрете беру керек, - деген еді. Баяғы бауырмал көңіл, қазақы қайырымдылықтың жоғалып кетпеуіне алаңдап еді. Көңілі кең, жүрегі мейірімді, кеудесі қазына, сөзі қасиетті Ата еді. Зейнетке шыққаннан кейін, ауылда имам болып, құран оқуды үйретіп, дастарханға бата беру, қолға су құю сияқты ұмытылмас құнды дүниелерді уағыздап, жастарға керек игі іс атқарды. Мектептің бос қабырғаларын безендіру ісі қолға алынған кезде, өзі үйінен керек материалдарды әкеп беріп, Шерхан Мұртазаға арналған «Ел бастаған көсем, сөз бастаған шешен» деген стендіні өз қаржысына жасатып берді. Кейін атақты жазушы Шерхан Мұртаның өзі мектепке кездесуге келгенде, сол стендінің жанына суретке түстік.

Бүкіл саналы ғұмырын ұстаздыққа, ұрпақ тәрбиесіне арнаған, ардақты әке, асқар тау Ата, ағайын, туыстың ақылшысы, ауыл ақсақалы, ұзақ жылдар мектеп директоры болып, қызмет атқарған, ардагер ұстаз Сансызбаев Совет Сансызбайұлы 2021 жылдың 13 тамызында, бұл фәниден, мәңгі дүниесіне 84 жасқа қараған шағында қайтыс болды. Совет Сансызбайұлы 1937 жылы дүниеге келді. Орта мектепті аяқтаған соң, Шымкент қаласындағы педагогикалық институтты бітіріп, мұғалім болып, еңбек жолын бастады. Меркі аудандық білім бөліміне қарасты бірнеше мектепте директор қызметін атқарды. №2 Аспара орта мектебінде, №3 Қызыл қыстақ мектептерінде ұзақ жыл мектеп директоры болып, зейнет демалысына шықты. Кеңестік партияның мүшесі болып, бастауыш

партия ұйымының төрағасы қызметінде қоса атқарды. «Жақсы адам қартайса — қосылған жеті өзеннің сағасындай» демекші, жақсы қария, ауылдың, ағайынның ақылшысы болып, қадірменді қария ретінде, асқан үлгі, өнеге көрсете білді. Кезіндегі көп жылғы еңбегі бағаланып, Республикалық, облыстық, аудандық кәсіподақ ұйымының Құрмет Грамоталарымен, Білім Министрлігінің Құрмет Грамоталарымен, бірнеше орден, медальдармен марапатталды. «Білім беру ісінің үздігі» атағына ие болды. Мектепте барлық қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, қызметтік міндетін адал орындап, табандылығымен және жоғары еңбек қабілетімен ерекшеленді. Ұжым ортасында беделді, адамгершілігі мол, жас мамандарға үнемі әдістемелік көмек, қолдау көрсетіп, кәсіби білімдерін тереңдетіп, шыңдалуға бағыттады. «Ұстаздық — ұлық емес, ұлы қызмет» деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, өз ісіне берілген, шығармашылықпен жұмыс атқарған, шәкіртінің жанына нұр құйып, бақытқа жеткізген — Совет Сансызбайұлының жарқын бейнесі ұмытылмайды. Адам баласы өмірге келеді, кетеді, заман шіркін өтеді. Өмір бейне бір тоқталмай ағатын су сияқты. Ойында сәулесі бар, ісінде әуресі бар жанның артында із қалдырары сөзсіз. Өмірге дәл осындай көзқарас Совет ағаға да тән еді. Сәкең өткенді ойлап, бүгінгіні толғап, болашақты болжап, бір ізге салар ақыл-парасаты мол нар азамат еді. Бар саналы өмірін «мектеп» дейтін жұрттың амандығына арнаған, өзгеге ұқсай бермейтін ұстаздық мінезімен, таңғажайып талғамымен, сирек



бітімді парасат пайымымен өз биігін өзі жасаған, өз болашағын шәкірттерімен бірге қашаған, жаны жайсаң азамат еді. «Ұстаздық ету — өзіңнің уақытыңды аямау, өзгенің бақытын аялау екенін» түсінген ұстаз мектеп басшысы қызметін атқарған жылдары, талай жас мамандарды тәрбиелеп, өзі басқарған мектептің талай байқаулардың, түрлі облыстық, республикалық, Халықаралық жарыстардың жеңімпазы болуына аянбай тер төккен еді. 90 жылдары, Совет аға зейнетке шыққанға дейін, бірге қызмет ету бізге бұйырыпты. Өзінің жинаған кітаптарын, газеттерін, түрлі журналдарды сіздерге керек деп, қолымызға ұстатып еді. Өмір тәжірибесінен сыр ақтарып, кіммен қалай сөйлесу керек, басшы болу — ел жүгін, халық аманатын мойынға алу деген сөз, - деп, мектепті қалай басқару туралы жас директорларға да үйретуші еді. Ұжымдағы климаттық ахуалдың сақталып, мұғалім мерекеге келіп, кеткендей жағдай жасалу керек, - деп отыратын. Совет Сансызбаев талай шәкірттің білім әлеміне есік ашып, білімді тұлға, кәсіби маман дайындап, өмірден өз орнын табуға көмектесті. Ырыс-берекесі тасыған Қарпық еліне, туған жеріне, перзенттік сүйіспеншілігі мен махаббатын шынайы арнай білді. Тілегі ақ, ниеті ақ, абыз ақсақал болып, елдің құрметіне бөленді. Өлді деуге ауыз бармайды, кетті деуге көңіл қимайды. Дәуірімен бірге өз уақытының адал перзенті болған, сөзін сөйлеп, халық құрметіне кенеліп, абыройдың биік тұғырына көтерілген Совет Сансызбайұлы, керегесі кеңге жайылған, шаңырағы биікке көтерілген бақытты отбасының отағасы бола білді.

Жұбайы Гүлсім апай екеуі алтын асықтай 5 қыз, 2 ұл тәрбиелеп, жоғары білім әперіп, ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, немере сүйіп, шөберенің шаттығына бөленді. Адамның ғұмырының сәні де, мәні де ұрпағы емес пе? Совет аға ұл-қыздарына уақыт талабына сай тәрбие бере білді. Қыздары диссертация қорғап, ғалым атанса, ұлдары мемлекеттік қызметтің тізгінін ұстады. Уақытқа амал жоқ, ескен желдей екпіндеп өте шығады. Уысыңа ілікпейтін сағымдай жалт етіп, тірліктің қоңыраулы көшін ұзата бермек. Текті әулеттен шыққан, текті әкенің тәрбиесін алған, бүгінде Алматы қаласында тұратын, үлкен ұлы, дос-жаранға сыйлы, Меркіден шыққан, ауыз толтырып айтатын мақтанышымыздың бірі, белді қызметкер Бахытжан Советұлы бастаған ұл-қыздарды тәрбиеледі.

Содан бері 25 жылдай уақыт өтіп кетіпті. Арада әркім өзімен-өзі, балапан басымен, тұрымтай тұсымен дегендей, күнделікті күйбең тірліктің қамымен хабарласпай кеттік. Биыл тамыздың тамылжыған бір кешінде «Совет аға қайтыс болыпты» дегенді естідім. «Ниеті ақ, тілегі ақ, ағатайым, пейіште нұры шалқысын!» деп отбасына, апайға бала-шағасына көңіл айттым, соңғы сапарға шығарып салуға қатыстым. Менің көз алдымда, костюм шалбар киген, ақ жағалы, галстук таққан жап-жас, күлімсіреген, ширақ қимылды Совет аға бейнесі қалды...

Әсем БОРАНҚҰЛОВА,
журналист,
Меркі ауданы,
Жамбыл облысы.



Модульное обучение для технических специальностей в условиях дистанционного обучения



Р.Р. НИГМАТУЛЛИН,
преподаватель
специальных дисциплин
КГП на ПХВ
Павлодарский
технологический
колледж.
г. Павлодар.

Аннотация. В статье представлен обзор применения дистанционной формы обучения для специальностей применяющих методику модульного обучения. Проведен анализ достоинств и недостатков такого обучения

Ключевые слова: модульное, дистанционное, обучение, обучающийся, преподаватель.

В педагогике и методике модуль является важной частью системы, при отсутствии знаний, навыков и умений которой дидактическая система не срабатывает.

Модульное обучение представляет собой жестко структурированную подачу учебной информации, содержание обучения и организацию работы учащихся с полными, логически завершенными учебными модулями. Модуль совпадает с темой учебного предмета (дисциплины). Однако, в отличие от темы модуль позволяет измерять и оценивать множество факторов: выполнение задания, работа, посещение занятий, стартовый,

промежуточный и итоговый уровень учащихся. В модуле четко устанавливаются цели и результаты обучения, задачи и уровни изучения данного модуля, названы навыки и умения которыми должен обладать учащийся по завершении курса. В модульном обучении все заранее запрограммировано: не только последовательность изучения учебного материала, но и уровень его усвоения и контроль качества усвоения.

Модульное обучение – это четко выстроенная технология обучения, базирующаяся на научно-обоснованных данных, не допускающая экспромтов, как это возможно при других методах обучения.

Модульное обучение учащихся позволяет качественно и количественно оценивать знания основных понятий, навыков и умений указанных в перечне по модулю. На основе этого перечня составляются вопросы и учебные задачи, охватывающие все виды работ по модулю, и выносятся на контроль после изучения модуля.

Учебные модули и тесты могут легко применяться в компьютерной среде обучения.

При разработке модуля учитывается то, что каждый модуль должен дать совершенно определенную самостоятельную порцию знаний, сформировать необходимые умения. По количеству баллов, набранных учащимися из воз-



можных, учащийся сам может судить о своей успеваемости.

Дистанционное обучение можно охарактеризовать как образование полученное путем использования Интернет-технологий, при котором учащийся находится вдали от преподавателя и учебных лабораторий.

К основным методам дистанционного обучения можно отнести: учебники, пособия в электронном и книжном варианте; обучающие видео-аудио материалы; видеоконференции, электронные сообщения и мессенджеры; дистанционные лабораторные работы; тренажеры и программы с удаленным доступом; тестирование и проверка знаний.

Преимущества дистанционного обучения заключаются в том, что: вся информация находится в одном месте; имеется доступ к необходимому материалу расположенному на удаленном сервере; в образовательном процессе используются новейшие информационные и телекоммуникационные технологии; равные возможности получения образования независимо от места проживания, состояния здоровья и материальной обеспеченности учащихся.

К недостаткам дистанционного обучения в первую очередь можно отнести необходимость наличия у учащихся сильной мотивации для получения знаний и недостаток практических навыков после обучения. Также для того чтобы постоянно присутствовать на занятиях и получать информацию и материалы необходима качественная техническая оснащенность, что не всегда имеется; нехватка практических заня-

тий, которая и приводит к невозможности получения навыков в должной мере.

В условиях дистанционного обучения большое внимание необходимо уделить самостоятельной работе студентов, так как она признается одним из важных направлений совершенствования образования. Учащийся должен принимать на себя большую часть ответственности за результат, грамотно управляя возросшей свободой в построении собственной образовательной траектории.

Для повышения эффективности внеаудиторной самостоятельной работы студентов ее возможно организовать с применением новых механизмов регулирования деятельности обучающихся, а именно через дистанционную систему обучения. Такая организация обеспечивает тщательное и детальное планирование и контроль, предоставление необходимых учебных материалов в удобной и доступной форме, высокоэффективную обратную связь, максимальную интерактивность между обучающимися и преподавателем при экономии времени.

Организация самостоятельной (индивидуальной или групповой) деятельности обучающихся в условиях дистанционного обучения предполагает использование новейших педагогических технологий, адекватных специфике данной формы обучения, стимулирующих раскрытие внутренних резервов каждого студента и одновременно способствующих формированию у него социально-значимых качеств личности, проектно-исследовательских компетенций



Задания, которые предлагаются [1] для внеаудиторной работы (исследовательские, информационные, творческие) позволяют формировать и развивать навыки самостоятельной работы.

Кроме того, имеет место быть важность и необходимость регулярного контроля за процессом и результатами самостоятельной работы со стороны преподавателя.

Преподавателю необходимо в ходе групповых или индивидуальных консультаций обучающихся отвечать на возникшие у них вопросы, выявлять уровень полученных знаний и на основании этого корректировать учебный процесс. В случае групповых занятий также необходимо обеспечить взаимодействие между студентами с целью более полного осмысления ими пройденного материала в процессе дискуссий. «В онлайн-классе знания рождаются, главным образом, через отношения и взаимодействия между людьми. Ключом к учебному процессу являются взаимодействия между самими студентами, взаимодействия между преподавателями и студентами и сотрудничество в учебе, являющееся результатом этих взаимодействий» [2]. Большинство студентов испытывают затруднения в умении учиться самостоятельно, поскольку такой тип обучения требует от них умения самим планировать учебную деятельность, обрабатывать информацию, анализировать достигнутые результаты [3]. Эти данные могут свидетельствовать о невозможности полноценного дистанционного обучения людей, не обладающих вышеприведенными навыками, без участия преподавателя и его непосредственного

контроля за процессом обучения.

Дистанционное обучение обладает множеством достоинств и данное направление необходимо совершенствовать, учитывая что, Интернет-технология развивается очень быстро, но на настоящий момент модульное обучение в дистанционной форме по многим направлениям не способно дать учащимся тот уровень знаний и навыков, что при традиционном обучении.

Список литературы

1. Статья «Технология дистанционного обучения» (infourok.ru);
2. Журавлев В.Ю. Особенности и иллюзии дистанционного образования // Решетневские чтения. 2013. Т. 2. №17. С. 476-478;
3. Кочетова Ю.Ю. Особенности применения тьюторского сопровождения в дистанционном образовании // Вестник Алтайской академии экономики и права. 2014. № 1 (33). С. 116-118;
4. Абдуллаев С.Г. Оценка эффективности системы дистанционного обучения // Телекоммуникации и информатизация образования. 2007. №3. - С. 85-92;
5. Филиппова И.Я., Кокцинская Е.М. Обзор современных методик дистанционного образования // Видеонаука: сетевой журн. 2016. №3 (3). Т.1.;
6. Система дистанционного обучения: общий обзор (teachbase.ru);
7. Гандымов С.А., Ашырова Л.Н., Джумагелдиева Б.Н. и др. Применение мультимедийной системы тестирования учащихся в дистанционном образовании // Science Time. 2016. №2 (26). С. 112-120.



Современные требования к профессиональной компетенции учителя русского языка и литературы



Ж.Н. СЕЙТМОЛДИНОВА,
учитель русского языка и
литературы
КГУ «Общеобразовательная
средняя школа имени
С. Габбасова»
с. Мамырсу,
Аягозский район,
Восточно-Казахстанская
область.

Аннотация.

В современном обществе задача учителя — сформировать образованного, творческого, компетентного и конкурентоспособного человека, способного жить в стремительно развивающемся мире науки и технологий, готового полностью реализовать себя на благо общества.

Президент Нурсултан Назарбаев в Послании Казахстан — 2050» сказал: «Образование и повышение квалификации — главное направление современной системы образования, обучения и переподготовки. Чтобы стать конкурентоспособной развитой страной, нам нужно стать высоко грамотной страной. Особое внимание необходимо уделять функциональной грамотности всех подростков». Поэтому, совершенствуя содержание образования, мы видим, что сегодня на повестке дня стоит вопрос их всестороннего профессионального развития через непрерывное образование. Сегодня понятие «компетенция» рассматривается как главный

результат применения знаний в процессе обучения.

Основная цель современного образования: быть конкурентоспособным на рынке труда, компетентным, хорошо разбирающимся в своей работе, ориентированным, способным эффективно работать на уровне мировых стандартов, профессиональным ростом, социально и политически отзывчивым, быстро адаптироваться к изменениям. Подготовка творческих, оптимальных профессионалов, достойных решения индустриально-инновационной ситуации, способных выражать себя в соответствии с пожеланиями и требованиями общества, способных свободно выражать себя, высокообразованных, свободно владеющих национальным языком, историей.

Профессионально компетентный педагог, поднимающий уровень образования до международного уровня за счет перехода на национальную модель образования в системе образования, инновационно разрабатывает лучшие модели мировой педагогики.

Развитие профессиональной компетентности учителей играет ключевую роль в реализации стратегических задач качественного образования в Республике Казахстан.

Сообразительный, хорошо оплачиваемый, конкурентоспособный,



склонный к изменениям, высококреативный, профессионально зрелый, ищущий, исследователь, творческий и новаторский педагог — порядок современного общества. Проблема стать квалифицированным учителем решается только тогда, когда каждый урок становится источником самопознания, исследований и плодотворной работы. «Обучение — это не просто навык, это искусство, которое находит новое», — сказал Жусупбек Аймаутов.

Учитель русского языка должен соответствовать всем квалификационным требованиям стандарта профессиональных учителей.

Русский язык более прикладной и актуальный, чем другие школьные предметы. Русский язык формирует мышление и речь учеников. Уровень усвоения национальной культуры и усвоения российской гражданской идентичности зависит от ее усвоения.

В современном мире общение основано на традиционных и архаичных средствах (движение, танец, модуляция голоса) и ИКТ — гипермедиа, то есть системе текста, направленной на значительное расширение коммуникации посредством визуального текста (устного и письменного), звуковые объекты и связи, связи между ними.

Дополнительным эффектом образования является компетенция в области лингвистики, прежде всего умение применять лингвистические знания в области русского языкознания, в частности, в практике общения.

Компетентность — характеристика оценки эффективного выполнения задачи, поставленной или порученной человеку. Этот человек обладает

способностью быть оригинальным, ответственным, коммуникативным, новаторским, решающим проблемы, гуманным, образованным, способным осваивать новые технологии, способным работать в команде, активным.

Понятие «компетенция» сегодня рассматривается как конечный результат применения знаний в процессе обучения. Понятие «компетентность» в учебном процессе — это применение знаний и опыта, навыков и умений учащихся в решении конкретной задачи, т.е. результат знаний, отраженный в овладении учащимися действиями.

Компетентность — это способность ученика применять полученные знания и навыки на практике, решать любые практические и теоретические задачи в повседневной жизни. На уроках русского языка и литературы важно формировать и развивать коммуникативные компетенции учащихся. Ученикам необходимо знать модели общения, культурные образы и символы. Это может гарантировать, что учащиеся понимают русский язык по отношению к природе.

Предметная компетенция учителя русского языка:

- Соблюдать контекстную языковую норму. Избегать словесных и письменных ошибок при работе с учениками: «паразитические слова», служебные фразы, неправильные акценты и словоформы.

- Провести работы по самокоррекции. В случае подозрений обращаться к информационным Интернет-ресурсам.

- Знание и использование стандартного общерусского произношения и



лексики, демонстрирующих различия между ними в местной языковой среде.

- Позитивное отношение к местным языковым явлениям, отражающим культурно-исторические особенности развития региона.

- Продемонстрировать положительное отношение учащихся к родному языку во время урока. Должен хорошо разбираться в методах и приемах обучения.

- Использовать специальные методы обучения для детей со слабоуспевающими детьми.

- Учителю рекомендуется вводить квалифицированный текст (скорость, точность и используемые методы), в частности, транскрипцию (транскрипция аудио).

- Учителям рекомендуется использовать источники информации (Интернет и т.д.), Включая иностранные языки, с помощью средств автоматического перевода и воспроизведения звука.

- Быть активным, опытным постоянным читателем и зрителем (литературные журналы, литературные новости, кино и театр).

«Коммуникативная компетенция» (от латинского «comptere» — доступ, переписка, производное от слова) — включает в себя знания о том, как взаимодействовать с окружающей средой и событиями, навыки индивидуальной и групповой работы, овладение различными социальными ролями в коллективе. Учащийся может писать письма, открыто выражать свои мысли, слушать друга, анализировать рассказ, задавать вопросы, дискутировать и т.д. Коммуникативная

компетентность формирует духовный рост личности, помогает понимать людей. В своей практике я рассматриваю способы формирования и развития коммуникативных компетенций учеников. Для достижения этих целей в своей работе я провожу современные уроки, потому что современные уроки направлены на формирование у учеников определенных компетенций. На уроках я использую задания на компетенцию:

- Выскажите свое мнение по теме
- Создайте диалог
- Создание активных групповых отношений
- Уметь связать тему с повседневной жизнью.

Один из методов, которые я часто использую на своих уроках - «Предсказание по имени», «Воображение», стратегии очень эффективны в стимулировании творческих способностей учеников. Я использую методы «мышления», «прогнозирования», «группировки», «построения цепочки» для контроля мобильности учеников, принятия нестандартных решений.

В то же время формирование информационной компетентности и информационной культуры учеников — одна из наиболее актуальных проблем в системе непрерывного педагогического образования. Эффективность использования информационных и коммуникационных технологий на уроках русского языка:

- узнать много нового за короткое время и сэкономить время;
- проверка знаний и навыков посредством тестов;
- выполнение творческих задач с



объяснением физических явлений;

- возможность дистанционного обучения;

- экономическая эффективность;

- изучение дисциплин и задач, требующих действий;

